

«Керемет» балабақша-бастауыш мектеп кешені педагогикалық кеңесінің

№1 хаттамасы

02.09.2017ж.

Түркістан қаласы

Күн тәртібі

1. 2017 – 2018 оқу жылының басталуы туралы бұйрықтармен таныстыру
2. Педагог кадрларды топтарға орналастыру
3. 2017 – 2018 оқу жылына арналған оқу жоспарын және мұғалімдердің апталық сағат жүктемесін бекіту
4. Сабақ кестесін, үйірмелер жұмысының жоспарын бекіту
5. Мектеп кітапханасын оқулықтар және әдістемелік құралдармен толықтыру
6. Әр түрлі мәселелер

Тыңдалды: 1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директоры Р.Қуатбекова сөз алып, 2017 – 2018 оқу жылының басталуы туралы бұйрықтармен таныстырып өтті. Ашылып отырған балбақша-мектеп кешенінің алға қойған мақсаты мен міндетін таныстырып, алдағы уақытта үлкен нәтижелер мен биік белестерді бірге бағындыруға шақырды. Жаңа оқу жылымен құттықтап, сәт-сапар тіледі.

2. Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша директор орынбасары Т.Көшенова сөз кезегін жалғастырып, педагог кадрларды орналастыру туралы сөз қозғады. Қазіргі таңда бес сынып комплектісі ашылғандығын, әр сыныпқа оқушы қабылданғандығын айтып өтті. Енді аталған сыныптарға сынып жетекшісі мен ұзартылған күн тәрбиешісін бекітуді ұсынды. Педагогикалық кеңеске қатысушылар талқылай келе, бірауыздан төмендегіше сынып жетекшілер мен тәрбиешілерді бекітті:

- 1 «а» сыныбы – Махатова Айнұр, тәрбиеші Пірімханқызы Аякөз;
- 1 «ә» сыныбы – Сансызбаева Қаршыға, тәрбиеші Сәрсенбаева Несібелі;
- 1 «б» сыныбы – Сырлыбаева Анар, тәрбиеші Жолдасова Гүлжан;

2 «а» сыныбы – Дүлдүлова Гүлчехра, тәрбиеші Исабекова Айсұлу;

3 «а» сыныбы – Асанбаева Гүлназ, тәрбиеші Арыстанбекова Жанат.

3. Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Ж.Шорабекова сөз алып, 2017 – 2018 оқу жылына арналған оқу жоспары және мұғалімдердің апталық сағат жүктемесімен таныстырды. Сынып жетекшілері негізгі пәндер бойынша сабақ өтіп, 0.75 штаттық бірлікте жұмыс атқарса, музыка, көркем өнер, дене шынықтыру пәндерінің мұғалімдері аталған пәндерден кіреді. Барлық пән мұғалімдері жылдық жоспарлары мен ұзақ, орта және күнделікті сабақ жоспарларын бекіттіріп, дайындауы тиіс.

4. Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Ж.Шорабекова сөз кезегін жалғастырып, 2017 – 2018 оқу жылына арналған сабақ кестесімен таныстырып, бекітуге ұсынды. Мектепте жүргізілетін үйірме жұмыстарымен таныстырды. Әр үйірме аптасына екі сағаттан жүргізіледі. Атап айтар болсақ, «Қызықты логика» үйірмесі, «Полиглот», «Музыка» үйірмесі, «Шешендік өнер», «Табиғатты аялайық» үйірмелері. Әрбір үйірменің өзіндік жоспары жасалып, бекітуге ұсынылуы тиіс. Сондай-ақ үйірмелердің кестесі құрылуы шарт. Аталған мәселені педагогикалық кеңеске қатысушылар жан жақты талқылап, бірауыздан бекітуге ұсынды.

5. Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша директор орынбасары Т.Көшенова сөз алып, мектеп кітапханасын оқулықтар және әдістемелік құралдармен толықтыру туралы сөз қозғады. Кітапхана қорын толықтыру және оқушыларды оқулықтармен қамтамасыз ету туралы айтты. Қазіргі таңда «Атамұра» және «НИШ» баспаларынан 1-2 сыныпқа қажетті оқулықтар алынғандығын айтты. Кітапханашы Мырғалиева Ақсаулеге кем-кетігін анықтап, баспаға тапсырыс беруді міндеттеді.

6. Күн тәртібіндегі әртүрлі мәселе бойынша шаруашылық жөніндегі директор орынбасары А.Кушенов сөз алып, жаңа оқу жылына дайындық жайлы сөз сөйледі. Сыныптардың тазалығы мен жайлылығын қадағалауды өз мойнына алды.

«Керемет» балабақша-бастауыш мектеп кешені педагогикалық
кеңесінің

№2 хаттамасы

03.11.2017ж.

Түркістан қаласы

Күн тәртібі

1. Сынып журналдарының толтыруын тексеру қорытындысы
2. Нормативтік- құқықтық құжаттармен таныстыру
3. I тоқсан нәтижесі және мемлекеттік білім стандарты талаптарының пәндер бойынша орындалу қорытындысы.
4. Кабинеттердің дидактикалық талаптарды қанағаттандыруы туралы
5. Әр түрлі мәселелер

Тыңдалды: 1. Ең алғаш сөзді мектеп директоры Р.Қуатбекова алып, күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырды. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша сөз кезегін мектеп директорының орынбасары Ж.Шорабекова жалғастырып, сынып журналдарының толтыруын тексеру қорытындысы туралы айтты. Сынып журналдарында өрескел қателіктер жоқ екендігін айтып өтті: 1-3 сыныптар аралығында 5 оқу журналы бар. Олардың 4-і жаңартылған білім мазмұны бойынша. Қазіргі таңда сынып журналдары толық толтырылған. Оқушылардың бұйрық нөмірлері жазылған. Жиынтық бағалау балы мен пайызы көрсетілген.

2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша директор орынбасары Т.Көшенова сөз алып, нормативтік құжаттармен таныстырып өтті:

1) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;

2) орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;

3) техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;

4) орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;

5) жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;

6) жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.

3. Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша Ж.Шорабекова I тоқсан нәтижесі және мемлекеттік білім стандарты талаптарының пәндер бойынша орындалу қорытындысы бойынша есеп берді: I тоқсан қорытындысы бойынша сыныптарда қалыптастырушы баға қойылатындықтан, тоқсан қорытылмайды. 2а сыныбының білім сапасы – 53 %. Оның ішінде 4 оқушы үздік, 10 оқушы екпінді. 3 а сыныбында білім сапасы 36 %. Оның ішінде 1 оқушы үздік. 3 оқушы екпінді.


4. Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша директор орынбасары сөз алып, кабинеттердің дидактикалық талаптарды қанағаттандыруы туралы айтты. Кабинеттердің көрнекіліктермен толықтырылып, оқушы қажеттілігіне арналған дүниелермен жабдықталғандығын тілге тиек етті. Сондай ақ дәрі қобдишаларындағы дәрілерді жаңартып тұру қажеттігін ескертті.

5. Күн тәртібіндегі әртүрлі мәселелер бойынша директор орынбасары Т.Көшенова сөз алып, оқушылардың сакбақтан қалмауын және тамаққа берілетін төлемақыларының дер кезінде төленуін қадағалауды сынып жетекшілері мен тәрбиешілерге тапсырды.

Қаулы етеді:


1. Сынып журналдарының толтыруыны қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Нормативтік- құқықтық құжаттармен жұмыстар өз дәрежесінде жүргізілсін.
3. I тоқсан нәтижесі және мемлекеттік білім стандарты талаптарының пәндер бойынша орындалу қорытындысы қанағаттанарлық деп танылсын.
4. Кабинеттердің дидактикалық талаптарға сай жабдықталсын және дәрі қобишаларындағы дәрілердің жарамдылығын тексеру медбикеге жүктелсін.

Төрайым:



Р.Қуатбекова

Хатшы:



Сұлтанмұратова Ж.